

# ЖАРКЕНТ

## Айнасы

№3 (6), 8 ақпан, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru



### ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ СУАН ӨРНЕКТЕРІ



#### Отан

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.  
Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін  
қыбырлаған,  
Бәрі маған: «Отан» деп  
сыбырлаған.  
Жаным менің, кеудемді жарып  
шық та,  
Бозторғайы бол оның  
шырылдаған!

Отан! Отан!  
Бәрінен биік екен.  
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.  
Отанды сүймеуің де күйік екен,  
Отанды сүйгенің де күйік екен...

#### Туған жерге

Таныс өлке,  
Таныс аймақ,  
Таныс маң:  
Анау жерде - құрбылармен  
алысқам,  
Анау жерде - құрбы жанмен  
табысқам.  
Алба-жұлба ақша бұлттар  
жарысқан,  
Таулар әне, ұйықтап кеткен  
данышпан,  
Жолдар анау, шұбатылып шаңы  
ұшқан,  
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс  
маң.

Шабындықтар,  
Егістіктер,  
Тоғайлар.  
Төбелердің төбесінде - көк  
айдар.  
Ақ сағыммен араласып, аулаққа,  
Сағым болып бара жатыр көп  
ойлар.

Бір тынбайды шегірткенің  
шырылы,  
Жел қозғаған ақ шилердің  
сыбыры,  
Бәрі таныс - кісінеген құлыны  
Ін аузында шаңқылдаған суыры.

Айналайын!  
Атамекен, Ақ мекен!  
Қандай қазақ іздеп сені тапты  
екен?!  
Туған өлке тәтті екен ғой,  
Тәтті екен!

Мұқағали МАҚАТАЕВ

«Басқа жұрттан шығып, тарих жазушылар қайда шығып, қайда барып ұшырасарыңды білмейді. Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат»  
**Мәшһүр-Жүсіп Көпеев**

«Бір қарт жылқышының жалғыз қызы бар екен. Қыз бойжеткенде атқораға күнде кіруді әдетке айналдырыпты. Бір тайдың қасынан шықпайды екен. Қызы мен тайдың қосылғанын көрген жылқышы тайды таудағы тұт ағашына апарып асып өлтіреді. Тайдың терісін сыпырып жатқанда қыз да жүгіріп жетеді. Осы сәтте алай-дүлей боран соғып, теріні ұшырып әкетеді. Қыз да әуеге көтеріліп ғайып болады. Жалғыз қызынан айырылған жылқышы кемпірі екеуі қайғырып қала береді. Бірде қарттың түсіне қызы кіріп былай депті:

– Мен атқа әйел болдым. Босқа егіле бермеңдер. Одан да наурыздың он алтысы күні таң ата есік алдындағы келінің ішінде қараңыздар. Келінің ішінде аттың пішініне ұқсас жәндіктер быжып жатады. Таудағы тайды асқан тұт ағашының жапырағын әкеліп, сол

жәндіктерге беріңіздер. Жәндіктерден шұбатылып жіп шығады. Жіпті сатып кәсіп етіңіздер. Ол Жібек құрты деген әлемдегі таңғажайып құрт болады. Құртқа құрт деп қарамай, ниет қойып өсіріңіздер.

Бұл түсті бір түнде шалы мен кемпірі бірдей көреді. Жылқышы кемпірі екеуі наурыздың он алтыншы жұлдызында таңертең есік алдындағы келіге қараса расында ат басының пішініндей құртқа толы екен. Тұт ағашының жапырағын берген соң қыздың айтқанындай жіп шықты. Жібек құрты осылай пайда болыпты» дейді, «Жібек құртының Пірі мен ат» деп аталатын Тоухоку аймағында сақталған мифте. Бұл аймақта тай мен жылқышының қызы екі басты Оширасама деп әспеттелетін болды. Оширасаманың бір басы аттың, екіншісі қыздың басы деседі.

Токионың батысындағы Хачиоуджидің қақ ортасынан ағып жатқан Асагавадан өткен ақынның тұт ағашы туралы жыр жазбағаны, жазушының күнделігіне тарихи ағашты метафора етіп мөлтек сырын түсірмегені, ал жапон тарихшысының Хачиоуджи шаһары туралы бір деректі есіне түсірмегені бар ма екен?

Осы өзеннен өтіп бара жатып, «Асагаваоватарэба» деген әнді естігенде Фудзисан жақтан «Жібек, тарих, ұлы жол» деген дауыстар жаңғырығы жетті. Хачиоуджи ежелден **тұт ағашының астанасы** делінеді. Жібек құртын өсіру мен жібек кездемелер тоқудан атағы шыққан әйгілі өлке. Тұт ағашы – қаланың символы. Бұл атақтың архаикалық мәні бар, символға тұнған сыр терең. Көне заманда Кан (қазіргі Яманашидің көне атауы) еліндегі Бушида Нобугэн деген қолбасшының қызы Мацухимэ Хачиоуджиге келіп жібек құртын өсіре бастапты. Содан бұл аймақта жібектен киім тігу кең тарап, ою-өрнекті кимонолардың сан-алуан түрлері шықты» деп бастайды әңгімесін көнекөз қариялар.

Жапонияда **тұт ағашы** атауымен байланысты аймақтар бар. Кинки аймағындағы мифте айтылады:

Бұлт үстінде – найзағай, кілең ерлер әлемі. Күрілдеп, шатырлап, қаһарланып, ер мінезін көрсетеді. Әйел болмаған соң біртүрлі іштері пысыпты. Бірде төменгі әлемде бір сұлу қыз құдыққа жақын жерде кір жуып отыр екен. Осы сәтте шатыр-шұтыр етті де, нөсер төкті.

Найзағайдың көзі қыздың бөксесіне түсті. Қыздан көзін алмай отырғанда аяғы бұлттан тайып кетіп, құлап, құдықтың ішіне бірақ түсті. Қыз қараса құдыққа найзағай батып қараса. Қыз легенді құдыққа төңкерді. Енді шыға алмайтынын білген найзағай еңіреп тұрып, қыздан кешірім сұрады. «Бұл жер Кувабара (Тұт ағашының жазығы) деп аталады. Біліп қой» деді. Ендігәрі Кувабараға түспеуге уәде берген найзағай аспанға оралды. Содан бері Жапонияның әр өңірінде Кувабара деген жерлер көбейген екен. Найзағай ойнағанда «кувабара, кувабара» деу сол заманнан қалса керек.

**Ал Айчи префектурасындағы Итбас деген жердің аты қайдан шыққанын мына аңыздан білуге болады:**

Қазіргі Окадзаки қаласындағы «Тұт ағашы» ғибадатханасы тұрған орын бұрын Итбас деп аталған. Бұл шаһар ежелден жібегімен даңқы шыққан қала. Осы қалада жалғыз ғана аппақ ит болыпты. Ит өте қабаған болғандықтан кісілер оның көзіне түспеуге тырысады екен.

Қазақ елінің тәуелсіздік жылдарының өзіне тән ерекшелігі азаматтық қоғам мен нарықтық экономиканың құрылуы және де діни серпілістің қатар жүруімен сипатталады. Жалпы қоғамның рухани және мәдени жаңаруында дәстүрлі діндер маңызды орын алады. Әлемдік аталатын – ислам, будда, христиандық діндердің адамгершілік, гуманистік құндылықтарды, ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен татулықты орнықтыруда маңызы ерекше.

Аталмыш діндер қоғамда достықты, өзара құрмет пен түсіністікті, руханилықты нығайтуда елеулі қызмет етеді. Тарихтан – Ислам дінінің елімізге бейбіт жолмен енгендігі бәрімізге мәлім, сол үшінде қазақ халқының мәдениеті мен руханияты ислам өркениетінің ажырамас бөлігі. Себебі, ислам құндылықтары мен философиясын, ислам өнері мен мәдениетін дамыту мен жаңартуда қазақ халқының да үлесінің зор екенін атап өткім келеді. Оған дәлел: Әл-Фараби, А.Яссауи, М.Қашқари, М.Х.Дулати, Ж.Баласағұни, т.б. қазақ даналарының ғылыми мұралары ислам өркениетінің баға жетпес асыл қазынасы екендігі. 1999 жылы Діни бірлестіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстанның Діни Бірлестіктер Қауымдастығы құрылды.

Дегенмен, қазіргі кезде еліміздегі діни ахуалдың күрделі, әрі сансалалы екендігі бәрімізге аян. Нақты айтсақ: еліміздің негізгі діни қауымы сунниттік ислам мен христиандықтың православиелік бағыттары, осы дәстүрлі діни бірлестіктердің ықпалымен қатар, жаңа «дәстүрлі емес» діни ұйымдар да пайда болуда. Атап айтар болсақ: пресветериандық, методизм, протестанттық конфессиялар мен буддистік, индуистік, кришнаиттік, бахай, саентология, шииттік, сопылық, ахмадие, т.б. діни бірлестіктер жатады. Және де елімізде экстремистік бағыттағы «Хизб-ут-тахрир» (Азат ету партиясы) ұйымының ислам атын жамылып дінаралық келісімге, бейбіт өмір тыныштығына зияндық іс-әрекеттері мен мұсылмандар арасына жік салатын пікірлері мен ұстанымдары, еліміздің ата заңына қайшы келіп, жұртшылық наразылығына тап болуда. **Қазақстанда** «Әл-Каида», «Мұсылман бауырлар», «Талибан», «Өзбекстан ислам қозғалысы» т.б. лаңкестік ұйымдардың қызметіне қатаң тыйым салынған. Олардың

## Жүйесіз діни сенім – фанатизм



басты мақсаты – идеологиялық күрес, төңкеріс арқылы мемлекеттік билікті қолға алу. Ал, діни фанатизм, лаңкестік, экстремизм, пікір төзімсіздігі – ислам дініне жат екендігін көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың бәрі біледі. Бұл ұйымдар өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын, діни миссионерлері мен түрлі мерекелік және қайырымдылық іс-шаралар арқылы жүргізуде.

**Миссионер** дегеніміз – белгілі бір мемлекеттің діни ұйымының ілімін таратушы, діни және саяси қызметкер. Ол өзі баратын елдің, халықтың дінін, тарихын, әдет-ғұрпын, ділі мен психологиясын терең зерттеп, білуші маман. Миссионерлік ұйымдарға біршама елдердің мемлекеттік құрылымдары, қайырымдылық қорлары, үкіметтік емес ұйымдар, қаржы алпауыттары материалдық және моральдық жағынан көмек бере отырып, олармен бір бағытта жұмыс жасайды. Әлемдегі кейбір алпауыт елдер осындай діни жікшілдікке бөлу мақсатында әр жыл сайын 10 млрд. астам доллар қаржы бөлетіндігі анықталған. Кезінде тарихтан – католик француздардың гугенот француздарды қойша бауыздап өлтірген қасиетті Варфоломей түні туралы бәріміз де оқығанбыз. XX ғасырдың 70-80 жылдарындағы Ливандағы азамат соғысы кезінде тегі бір, діни бөлек арабтардың бірін-бірі қалай қырғанын да білеміз. Кешегі күнгі Сириядағы жанжалға қазақ азаматтарының араласуы да осы моральдық-әрекеттердің жемісі

екендігін БАҚ құралдары арқылы көріп, біліп жатырмыз.

Сондай-ақ, **дәстүрлі емес діни-саяси ағымдарға**: Уахабизм – XVIII ғ. пайда болған Сауд Арабиясының ресми мәзхабы, Исмаилиттер – ең басты қолдаушысы Англия, Ахмадие – XIX ғ. аяғында Үндістанда ағылшын отаршыл үкіметі қолдауымен пайда болған, Бахаизм – Ирак пен Иранда XIX ғ. пайда болған шииттік мәзхаб, т.с.с. Кейінгі зерттеулер мәліметіне жүгінсек: миссионерлердің үгіт-насихатының құрығына көбінесе – жұмыссыздар, өмірден өз орнын таппағандар, рухани ізденісте жүргендер, жеке басы және отбасындағы психологиялық қиындықтарға төзе алмағандар, ислам дінін терең білмейтіндер, әсіресе жастар тез ілігетіндігі анықталған. Себебі: дәстүрлі емес діни ұйымдарда, секталарда «... алғаш келген адамға оның тамаша, жақсы адам екендігі айтылады, оған бәрі көмектеседі, онымен келіседі, ылғида қолдайды, яғни, оны сол қауымның махаббат атмосферасы өз аясына алады». Бұдан кейін сананы бақылау әдіс-тәсілі іске қосылады.

1. Жүріс-тұрысын бақылау.
2. Эмоция (сезімді) бақылау, яғни ессіздікке әсер ету - медитация, трансқа ұшырау.
3. Ақпаратты бақылау, бұл дегеніңіз оны басқа әсерлерден қорғау.
4. Ой-пікірді бақылау, онда діни рәсім, көшбасшы туралы, кез-келген діни, басқа да сыни сауалдар

қоюға қатаң тыйым салынады. Сондай-ақ, басқа діндерге қарсы теріс көзқарас қалыптасады. Енді сол адамның сол ортаға үйренгені сонша, оларды жоғалтып алмау үшін кез-келген тілектерден бас тартады. Нәтижесінде, ата-анасын, тегін, туысын, достарын, жанұясын – сол бір **дәстүрлі емес діни ұйымға**, немесе, **сектаға** айырбастайды.

ҚР-сы зайырлы мемлекет, ол дінге, діншілге де қарсы емес, еліміздегі «**Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңы**» 2011 ж. 15 қазанда қабылданды. Заңда «Әркімнің ар-ождан бостандығына, діни нанымна қарамастан тең құқылы екендігіне кепілдік беретіні және діни партиялардың қызметі, мақсаттары мен іс-әрекеттері мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, зорлық-зомбылыққа үндеп насихаттаса, өзге құқыққа қарсы әрекеттерге, діни өшпенділікті қоздыруға, алауыздыққа бағытталса ондай діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынатындығы» нақты айтылған. Қазақ жерінің ежелден-ақ саналуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болғандығы тарихта баяндалған. Сол үшін де Қазақстан – діни толеранттылық пен конфессияаралық келісімдегі игі дәстүрлердің иесі. Бүгінде қазақ елі дүниежүзіне бүкіләлемдік діни-рухани форумның бірден-бір орталығы ретінде танымал мемлекет екендігі баршаңызға аян.

Қорыта айтқанда, жүйесіз діни сенім – бұл фанатизм! Сондықтан да, кімге, не үшін қызмет еткенімізді біле алмай, өз тағдырымызды өзіміз тәлкекке салмайық. Рухани және материалдық тәуелділіктен сақ болайық! Ұлттық намыс туын әрқашан жоғары ұстап, Отанға, елге адал қызмет етейік. Өзіміздің бостандығымыздан, өзіміз оп-оңай бас тартып қапыда қалмайық.

**Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,**  
Аудандық Ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, тарихшы.  
Жаркент қаласы.



## Мұқағалиға арналған жыр кеші



**Панфилов ауданындағы Көктал кентінде Мәдениет үйінің меңгерушісі Әйгерім Балғынбаеваның ұйымдастыруымен Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай ақын шығармашылығына арналған жыр кеші өтті.**

Жыр кешінде ауданға аты шыға бастаған 18 оқушы өнер көрсетіп, ақын аталарының өлеңдері мен поэмаларынан үзінділер жатқа айтты. Поэзия мұзбалағына өз арнауларын оқыды.

Нәтижесінде: Абай мектебінің 2-і сынып оқушысы Баймұқаш Аян 1-орын алды. Егер бас жүлде болғанда Аян соған лайық еді. Қолдың қысқалығы бас жүлде жасауға жеткізбеді.

2-ші орынды Көктал мектебінің 10-ы сынып оқушысы Ертайқызы Ботагөз, ал жүлделі 3-ші орын Ақжазық (Жамбыл) мектебінің 7-ші сынып оқушысы Қалинұр Айғанымның еншісіне бұйырды. Айғаным талантты ақын қыз. 200-ге жуық өзі шығарған өлеңдері

бар. «Жаркент жауһарлары» халық шығармашылығы орталығының белсенді мүшесі.

Қалған балаларға түгел грамота мен бағалы сыйлықтар берілді. Көп балалар жүлделі орынға ілінбегендеріне ренжіген де шығар. Егер мүмкіндік болғанда бас жүлдемен қатар, екінші жүлде екеу, үшінші жүлде үшеу болуға тиіс еді. Аман жоқ... Мен орынға лайық, Байжұма Аяжан, Ясынова Айкүміс, Сағи Гүлім, Керімқұлова Жұлдызай, Шерғали Арайлымдар деп білем. Шармен қатар Жұмаділов Әділет пен Әсет те жаман өнер көрсеткен жоқ.

Өз басым, бір ғана Көктал округінен 18 талантты талапкерлердің шығып отырғанына қуандым! Бұл деген үлкен байлық! Амандық болса, жоғарыдағы аты аталған балалар біздің еліміздің мақтанышына айналады деп сенемін! Аман болыңдар айналайындар!

**Құрметпен: ақын аталарың Исламғали ЖАРКЕНТИ**

Биылғы 1-желтоқсан жазиралы Жаркент жерінің тарихында ерекше есте қалатыны сөзсіз. Тұңғыш Президент күні қаланың қақ ортасындағы саябақта Орбұлақтағы Жеңістің 375 жылдығына арналып керемет мемориалдық кешен ашылды. Сәулетті де сәнді. Асқақ та айбынды. Аты қандай сәтті қойылған, «Ұлы Жебе!». Облыс әкімі А.Баталов, Мәжіліс депутаты Қ.Сұлтанов, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Б.Нұржекеұлы бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері лентасын қиып, құттықтау сөз сөйледі. Аудандық мәдениет үйінде ғылыми-теориялық конференция өтіп, көрнекті тарихшылар келелі баяндамалар жасады. «Қасиетті Орбұлақ» атты кітаптың тұсауы кесіліп, Б.Римова атындағы облыстық драма театр Орбұлақ шайқасы туралы спектакльдің премьерасын көрсетті. Аймақтық тарихи-танымдық «Орбұлақ» газетінің арнайы



шығарылған нөмірі таратылды. Аста-төк ас беріліп, батыр бабалар рухына құран бағышталды. Бір сөзбен айтқанда, барлық шара жоспар бойынша өтті.

Мұндай тойлар, әрине, тарихи-танымдылығымен нәм тағылымдығымен құнды. Бұл тұрғыдан таразылағанда бәрі дұрыс секілді. Мерейтойлық шаралар кезінде бабалар ерлігі туралы мейлінше жеткілікті айтылды. Оны індетте зерттеп, дерегін тапқан, ел-жұртқа паш етіп, кеңінен танытқан қайраткерлер де барынша құрметтелді. Бұған артатын еш өкпеміз, қоятын титтейде кінәміз жоқ. Майдан қыл суырғандай аса ыждаһаттылықпен, өте төзімділікпен атқарылған ұлан-асыр зерттеу, анықтау, дәлелдеу тақылеттес ғылыми-сараптамалық істер өте лайықты бағаланды.

Дегенмен, осы орайда әлі де олқы соғып тұрған тұстарымызды толтырып, той тағылымын түгендей түскен жөн тәрізді. Бұл жерде тілге еткелі тұрғанымыз – ресми құжат бойынша негізделіп, қарапайым бұқарадан – жоғары билік эшалонына дейін толық қуатталған «Орбұлақ жеңісінің» осыдан жиырма алты жыл бұрын алғаш рет аталып өткен 350 жылдық мерейтойы туралы ой.

Иә, сол 1993 жылы республикалық деңгейде мерейтой өткізу туралы үкімет қаулысы шықты. Ендігі кезек – қағаз жүзіндегі құжатты іске асыру. Ал бұл міндетті орындау алдыңғысынан да ауыр болмаса, оңай емес. Ойлаңыз: Одақ тарап, «балапан - басына, тұрымтай - тұсына» тараған шақ. Шаруа шатқаяқтап, кез келген саланың сиқы сұйыла бастаған. Оның үстіне «тас түскен жеріне ауыр» демекші, барлық салмақ «Орбұлақ» орын тепкен бір ғана Панфилов ауданының иығына жүктелген. Бұдан асқан жауапкершілік, бұдан биік сенім бар ма?! Енді, қайтпек керек?

...Біздің бүйткен бұл іске,

Бытырлатып бір-біріле,

Қабырғасын сөксе деп,

Қабақ шытпас ер керек!, – дегендей қаншалықты қиын болса да қиюын тауып, қисынын келтіріп мерейтойды өз деңгейінде өткізу керек. Ал осынау ұлы ерлік орын алған жерде оған арналған ұланғайыр шараны ұйымдастыра алатын, сөйтіп, ғасырлар бойы бодандықтың бұғауында бұққан халқымызға соны серпін, тың рух сыйлайтын «Бүгінгі бейбіт заманның батыры» бар ма?

Шүкіршілік... бар екен! Үміт ақталды, сенім сәтінемеді. Есіл ерлер шыққан өлкеде еміренген елін елеулі шараны жүзеге асыруға жұмылдыра білетін, туған ел мен туған жер дегенде жүрегін жұпыл беруге әзір ел ағасы табылды. Ол – сол тәуелсіздігіміз тәй-тәй басқан тұста Панфилов ауданының тұңғыш әкімі болған, өзі туралы кітапқа берілген атына заты сай «Орбұлақтың өр ұлы» атанған Әділшайық Ыбыраймолдаев еді.

# Той өтті. Тағылымы түгелденді ме?

Әдекең жаратылысынан еңбекқор Жаркент жұртын жарты әлем назарын тіккен үлкен мерейтойды ұйымшылдықпен өткізуге аса ізденімпаздықпен ұйыты болып, іскер басшылық жасай білді. Соның нәтижесінде:

- Бүкіл той шығыны сырттан еш көмек алмай, тек Панфилов ауданының күшімен атқарылды;

- Ерте көктемнен бастап Үлкенәғаш ауылынан Белжайлауға дейінгі елу шақырымдай тау жолы толықтай күрделі жөнделіп, «Волга», «Жигули», тіпті шетелдік жеңіл көліктер еш кедергісіз баратындай жағдай жасалды;

- Төрт түліктің баруына уақытша тиым салынып, той басталғанға дейін жайлаудың табиғи көрінісі тұмса қалпында сақталды;

- Әскери техникаға қосымша сол кездегі «Гвардия» совхозының аса қуатты «Урал» автомашинасы пайдаланылып, жиырма тонналық гранит ескерткіш тас биік таудың басына жеткізілді;

- Колхоз-совхоз басшылары Үштөбедегі комбинатқа киіз үй жасауға арнайы тапсырыс беріп, аудан орталығында олар қазақы оюмен безендірілген ақ материалмен қапталды, сөйтіп, шаруашылық мақсаттағы қараша үйлерді қоспағанда Белжайлау төрінде қонақтарды күтуге арналған 518 үй тігілді, оның ішінде бұрын-соңды болып көрмеген 12 қанат зәулім «Ақорда» жасалып, үкіметтік мәртебелі қонақтар сонда күтілді;

- Ауданға судай жаңа 20 «Рафик» жолаушылар көлігі сатып алынып, Алматы қаласынан ақын-жазушылар мен тарихшы ғалымдар, тағы басқа да көптеген зиялы қауым өкілдері, тойға арнайы әкелініп, қайтадан апарылды;

- Осы тойда тұңғыш рет аламан ат жарысында «Жигули» жеңіл көлігі бәйгеге тігілді.

Бүкіл Алты Алаштың азаматтары қатысқан аталмыш тойдың құндылығы сонда: біріншіден, мұнда бүгінгі ұрпақтары өздерінің келешегі үшін қасықтай қаны қалғанша шайқасып, жанын құрбан еткен хас батыр бабаларымыздың рухына тағзым етті. Екіншіден, енді ғана егемендік алған ұлтымызға бұл шара зор рух, тың серпін берді.

Сол кездегі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Сергей Терещенко салтанатты жиналыста қазақша сөз сөйледі. Халқымыздың қалаулы ұлы, Президенттің кеңесшісі Әбіш Кекілбай асқан шешендікпен ақтарыла сөйлеп, күллі көпшілікті тіптен тәнті етті.

Мерейтой кезінде еліміздің ең бір таңдаулы ұл-қыздарының табаны тиді бұл топыраққа. Олардың арасында көрнекті композитор, сол кездегі Мәдениет министрі Еркеғали Рахмадиев, аты аңызға айналған ақын апамыз Фариза Оңғарсынова, жанкешті майдангер жазушы Қалмұқан Исабай, қазіргі Халық Қаһарманы Бақытжан Ертаев, мемлекеттік қайраткер Гүлша Тәңірбергенова, тағы басқа да танымал тұлғалар болды.

Айрықша атап өтер тағы бір мәселе: ата-бабамыз асқан ерлік көрсеткен бұл жерде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері сардарлары мен сарбаздары ерекше белсенділік танытты. Сол кездегі Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағанбетовтың тікелей өзі басқарған әскерлер мерейтойдың салтанатын жауынгерлік атрибуттармен тіптен арттыра түсті. Ықылым заманнан бері мүлгіген тау арасын бейбіт өмірде атылған қызылды-жасылды салюттер дүр сілкіндірді. Бұрынғы батырларша киінген азаматтармен қатар қазіргі заманғы сарбаздар бір сапта тұрып, ұрпақ сабақтастығын барынша әсем бейнеледі.

Әдекеңнің осыншалық орасан зор шараны ұтқырлықпен ұйымдастыра алуы тегіннен-тегін емес еді. Ол қашан да баршылыққа таспайтын, жоқшылыққа саспайтын. Қандай істің болсын күрмеуін тез шешіп, айналасындағыларды ортақ ізгі мақсатқа жұмылдыра білетін. Қажет кезінде ақырын айтып та, батырып айтып та сөзін өткізетін. Шенділермен шендесе, бұқарамен біте қайнасып қызмет ететін. Тіпті, есімі елге әйгілі ғалымдар мен тілімен құс қайырған ақын-жазушылардың өзі Әдекеңнің білімі мен біліктілігін, парасаттылығы мен сұңғылалығын қапысыз мойындайтын. Оның қайраткерлігінің шарықтау шыңы әсіресе, сол бір тәуелсіздігіміздің таңы атқан алғашқы кезеңде айқын аңғарылды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Сана-сезімнің шиеленісі мен ширығуы ерекше болған...», ескі мен жаңа тайталасып, қарапайым халық тығырыққа тірелген сол бір аласапыран кезеңде ол өзінің нағыз туған жерінің патриоты, ел үшін туған ер екендігін көрсетті. Қарым-қабілеті мен ұйымдастырушылық қасиеті

бар қырынан жарқырай ашылды. Қысылтаяң кезінде халыққа ең керегі нан екенін ұғынып, ауданда күрт бетбұрыс жасады. Елді егіншілікке, оның ішінде ең қажеттісі – бидай егуге бейімдеді. Өзі де дамыл таппай, қарамағындағы шаруашылық басшыларына да тыным көрсетпей, ел қамы жолындағы игілікті іске жұмылдырды.

Жаркент жеріне берілген «Еркін экономикалық аймақ» мәртебесінің артықшылығын пайдалануда да өзінің тапқырлығы мен іскерлігін мейлінше молынан қолданды. Қолда барды ұқсатуға тырысып, Жаркент жерінде көтерме базар салғызу арқылы аудан бюджетіне қыруар қаржы құйғызды. Аудан аумағы арқылы күн сайын ары-бері ағылып өтіп жататын жүздеген автокөліктердің экологияға тигізген кері әсерінің өтеуін қайтаруды да қадағалады.

Алматы, Талдықорған секілді қалаларда озат оқып жүрген жаркенттік студенттерге ауданнан шыққан атақты өнер, білім, ғылым, еңбек майталмандарының атында шәкіртақы тағайындатып бергізді. Жылына екі рет мереке кезінде арнайы автобустар жіберіп, оларды ауылдарына тегін тасымалдауды ұйымдастырды. Қазіргі күндері егемен еліміздің түпкір-түпкірінде әр салада қызмет етіп жүрген бір кездегі сол бозбалалар мен бойжеткендер бүгінде сол ел ағасының әкелік қамқорлығын тамсана еске алады.

Ел үшін, елінің қазіргі қамы мен тарихи жады үшін жан-тәнін аямайтын ол «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген қағиданы бұлжытпай орындап, өзіне де, ел билігінде жүрген өзгелерге де қатаң талап қоятын. Талдықорғанға келген бір сапарында Елбасымыз әкімдердің ел-жұрттың жағдайы жайлы есебін тыңдады. Сонда Әдекең өзіне тән жігерлі де ашық даусымен аудан туралы жан-жақты айта келіп, тек жағымды деректер мен дәйектерді ғана тілге тиек етпестен барлық ауыртпалықты, тіпті қылмыс жасап, істі болғандар жөнінде, олардың қайда, қандай жағдайда екендігі жайлы нақты мысалдармен айшықтап айтып беріпті. Оны естіген Нұрсұлтан Әбішұлының өзі: «Нағыз әкім деген осындай болады» деп Израильдің озық істерімен танысу сапарына бірге апарған екен.

Әдекең үлкенге қандай ізетті болса, кішіге де соншалықты қамқор еді. Оларға сенім артып, жігеріне-жігер, қайратына-қайрат қосатын. Оның қамқорлығымен, шыңдауымен ширап өскен бірталай азаматтар кезінде бір-бір мекеме, шаруашылық, округ, ауданды басқарған. Қазір алды министрлікте, қалғандары әр алуан деңгейдегі іс басында тізгін ұстап отыр.

Іс барысында айбарлы Әдекең жайшылықта өте жайдарлы еді. Сөз саптауы, сөз мергендігі өзінше бір өзгеше болатын. Табан астында тауып айтқан мұрдың оғындай өткір, ойлы да отты, шоқша қарып түсетін тапқыр да күлкілі сөздері ел арасында әрқашан ауыздан-ауызға көшіп жүретін. Қарапайым халықтың оны қатты құрметтейтіні соншалық: Ескелді ауданындағы «Заря коммунизма» кеңшарында директор болған кездегі оның көзін көріп, еңбегін бағалаған ел-жұрт өз ауылдарынан бір көшенің атын беріпті. «Жақсының жаттығы жоқ» деген осы болар, сірә! Өзі тұңғыш әкім болған аудан орталығы – Жаркент қаласының үлкен бір көшесі және Көктал ауылының орталық көшесі де ол кісінің есімімен аталады.

Көзі тірісіндегі келелі ісі, кемел қалпы қазір де көмескі тартпай, қайта оның кісілік келбетін одан әрі көріктендіріп келе жатқанына мұндай мысал өте көп. Соның бастысы да бірегейі – жоғарыда атап өткен «Обұлақ» тойындағы орасан зор ұйымдастырушылық ұтқырлығы, қайраткерлік қарекеті. Осы Ұлы Жеңістің күні кеше ғана атап өтілген 375 жылдық мерейтойы шеңберінде Әдекеңдей ердің есімін тағы бір рет еске түсіріп, ерен еңбегін ерекше атап өткенді жөн көрдік. Мерекелік шараның ізін суытпай!

**Тоқтарбай  
КЕРІМҚҰЛОВ,**  
ҚР АШМ «Қазсушар»  
РМҚК  
Алматы филиалы  
Панфилов  
өндірістік учаскесінің  
басшысы.



(Басы 1-бетте)

Ал жібектің маусымы басталғанда ақ ит үй-үйдегі жібек құртының түгін қалдырмапты. Тек бір үйде ғана жалғыз тал жібек құрты қалыпты. Әлгі үйдің қызы жібек құртын ит көзінен таса жерде, тұт ағашының жапырақтарымен қоректендіріп, өсіре бастапты. Жібек құрты күннен күнге үлкейіп, тышқандай болады. Біраз уақыттан соң үлкендігі мысықтай болады. Бірде ақ ит оны байқап қалады да қағып салады. Бүкіл Окадзакидегі жалғыз жібек құртынан айырылған қыз ағыл-тегіл жылапты. Бір ғажабы, жібек құртын жеген ақ иттің қабағандығы

қаласы **Сувар**, Африкадағы **ас-Судан джумхурияты** ежелгі ел өркениетінің дәлелді айшықтары. Кенен Әзірбайұлы «Шежіре» жырында:

Бәйдібектің тоқалы Домалақты,  
Туған екен Домалақ Жарықшақты.  
Домалақтың есімі Бибісара,  
Ешкім оның шын атын атамапты.

**Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат,**

**Үшеуінің тұқымы талай дуан,**  
– деген. Мәдениеті Мысырға жақын **Суданда** ежелгі дәуірдегі **Ало-Албан** мемлекеті қос елдің етене жақын екендігінің тағы бір дәлелі болса керек. **Қазақ қариялары сақтап келген «Албан – тау елі, Суан – сулы жерді мекендейтін ел» деген «анықтаманың»**

**қан касури өрнектеу технологиясы** мыңдаған жылдық тарихы бар ұлттық мақтаныштың титтей бөлігі екендігін жапон қариялары ашық айтады. Өзбек пен тәжік мәдениетіндегі жібек кездеменің кестелі **сузани** деп аталатын түрі бар екендігін білеміз. **Сувашичи руы** сонымен бірге Хонсю аралындағы **Суита** қаласының тарихының басында тұрған ерен ел. **Суан** елі қоныстанып отырған жердегі саналуан Шығыстық жер атаулары Ұлы жібек жолының академиялық тарихының басында осы рудың да тұрғандығына негіз болатын дәлелдің бірі.

Бүгінде 530 000 халқы бар, 110 000 студент оқитын 24 университет орналасқан ғылым-білім ордасы

әлемге құлады. Ол тұт ағашының бұтағына ілініп қалды. Найзағай жындарына ағаштағы кісіге тимеуге бұйырды. Найзағай ойнағанда тұт ағашының бұтағын шатырға шаншып қою содан қалған екен.

Үлкен құрлықтан көшіп барғандар орнықтырған өнер жайында «Сэн-дайкудзихонки» шежіресінің оныншы орамында жазылған. Бұл орам «Кунидзукурихонки» (Мемлекеттің құрылуы туралы негізгі жазбалар) деп аталады. Осы жазбада **Чичибухикономикотоның** оныншы бабасы **Ягокуроомойкан-эномикотоның (Чичибу гитабан-ханасының пірі)** қарындасы **Такухатачичихимэномикото** тігу-тоқу өнерінің пірі деп жазылған.

# ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ

қалып, жуаси бастапты. Кенет ит жата қалады да, ұйқыға кетеді. Қыз қараса иттің танауынан аппақ жіптің ұшы көрінеді. Қос ішектей шұбатылған жібектің бітер түрі жоқ, шыға береді, шыға береді. Үш жүз орам болғанда ұйқыдағы иттің демі бітіп, өліп кетіпті. Ел ақ ит Жібек пірінің қаһарына ұшырады десті. Жібек құртын өсірген қыз қала сыртындағы тұт ағашының түбіне итті көмеді. Кейін сол орынға Итбас ғибадатханасы тұрғызылады. Сол маңда Итбастың тасы деген тас бар екен. Тасқа қол тигізуге болмайды, ақ ит ашуланады деседі сол өлкенің тұрғындар.

Хачиоуджи кимоноларында өрнектің көптеген түрлері пайдаланылады. Әсіресе **касури** деп аталатын ұсақ өрнектің түрі ерекше назар аудартады. Хачиоуджиде касури әдісін қолданып, жібек кимонолар тігу бұл шаһардағы қолөнердің дәстүрлі ерекшелігі болып табылады.

**Касури** тек Хачиоуджиде ғана қолданылатын әдіс. Бұл – осы жерге **Сувашичи** руының шеберлері әкеліп алғаш қолданған айрықша технология. «Шйокунихонги» тарихи жазбасында үлкен құрлықтан аралдарға көптеген өнер түрлері келгендігін білеміз. Оның ішінде **Сувашичи** руының **касури** деп аталатын өрнектеп тігу әдісін Хачиоуджи жерінде қолданғандығы туралы дерек Ұлы жібек жолының бастаулары Жетісу жерінде екендігін айқындайды. **Сыру (сырып тігу)** мен **касури** сөздерінің этимологиялық қат-қабатында өрнек түрі мен кимоно тігудегі әдістердің қайдан шыққандығы да тұр емес пе? Қазақ пен жапоннан басқа дүниежүзіндегі ешбір халық қолданбайтын бұл екі сөз Ұлы жібек жолының қазақ жерінен басталып Жапонияда аяқталғандығына негіз болатын мың мысалдың, тоқсан теория мен керек деректің бірі. Жетісуды атап отырғанымыз, Нағарашы, Пенжіндей жер атауларының мағынасын сансаққа жүгіртіп ешбір академик таба алмаған жерінің терең тарихы бар Жаркент өлкесінің ежелгі иесі Суан руының кәріс жеріндегі **Сувон** мен Жапониядағы **Сувашичи** қатысты екендігін ашық айту. **Шичи** – жеті деген мағына береді. Фиджи мемлекетінің астанасы **Сува**, Польша шаһары **Сувалки**, Болгарияның көне



**ғылыми тұрғыдан өте дұрыс екендігін Шығыстағы деректер ақылы анықтап отырмыз. Жапон тілінде суды суй таңбасымен бейнелесе, ан – баспана, мекен деген мағынаға ие.**

Жетісудан Дзэн монахтары апарған **суши** мен қияқтап туралған ет – **сукияки**, Жаркент шабдалысы **сумомо** (жай шабдалыны момо дейді), **Суан өрігі андзу** сияқты атаулар ежелгі сөздер. **Дзугара** өрнегі мен **дзукан** атласы Жаркенттің өткен тарихына бойлатады.

Ел атауы тек ағатын **суға** ғана қатысты десек, шектелу болар еді. Алпауыт мемлекет (держава) мағынасындағы **суджикуюкоку**, мен математиканы бейнелейтін **сугаку**, су планетасы **Сүйсэй** ұғымдары **Суан** жөресінен хабар береді. Ежелгі қағаз жасау технологиясы **сукудың** жібекпен бірге шыққандығы да белгілі. Ежелгі Шығыстағы баспа ісі **сури** болса, каллиграфияда пайдаланатын **суми, судзури** мен келсап **судзуриді** Күншығыстағы ел күні бүгінге дейін қолданып отыр. Бамбуктен жасайтын перде **сударэ** де көне дәуірден жеткен зат.

**Ан ұғымы баспана, мекеннен** өзге ат үстіндегі спорт түріне де қатысты. Император резиденциясының бір түрін **ангуу** дейді.

**Сувашичи руы** Жапонияға тарат-

Хачиоуджи стансасында тарихи тұт ағашы өсіп тұр.


Тұт ағашының қасиеті оған жай түспейді екен. Тоухоку аймағында сақталған фольклор туындысы былай дейді:

Баяғыда бір кісі қаладағы саудагер шалдан шабдалы көшетін сатып алып, үйінің артына екті. Шабдалы ағашы бір түнде ұзарып өсіп, бұлтқа жетті. Әлгі кісі қуанып, шабдалы ағашымен өрмелеп, бұлттың үстіне шықты. Екі көк жын адамнан «Бұнда неге келдің?» деп сұрады. «Найзағаймен кездесуге келдім» деп жауап берді кісі. «Олай болса мына бұлттың үстімен жүре бер». Кісі бұлттың үстімен жүріп келе жатса алдынан зәулім сарай шықты. Қақпасынан сығаласа, ішінде найзағай ұйықтап жатыр екен. Екі қызыл жын от шығаратын тастарды соғып қалғанда найзағай оянып кетті. Ашуланған ол сегіз түрлі тайко (ұрмалы аспап) соғып, сарайдан шықты. «Қайдан келген жансың?» деп сұрады найзағай. «Төменгі әлемнен келдім» деді кісі. «Олай болса, шелектің түбін тесіп, су сеп» дейді найзағай. Жаңбыр жаудыру керектігін түсінген кісі төменгі әлемге су құйды. Найзағай сегіз түрлі даңғараны ұрды. Қып-қызыл жындар от шығаратын тастарды соқты. Бұлттың үсті азан-қазан, төменгі әлем алай-дүлей болды. Кенет кісінің аяғы тайып кетіп, төменгі

Ол тоқып шығарған жібек кездеменің түрі **чичифу** деп аталған. Бұл атау **Чичибу** деген жер атауына негіз болған. Жапон жібегінің ордасы – **Чичибу**. Сайтама перфектурасының ¼ бөлігін алып жатқан, солтүстік батысында орналасқан бұл шаһар Токио, Яманаши, Нагоя, Гунма префектураларымен шектескен. Қатпар-қатпар тау арасындағы, ортасында буырқанған өзені бар бұл шаһардың Ұлы жібек жолымен байланысты тарихы **Такухата Чичихимэномикото** туралы мифке негізделсе, тоқу өнерінің пірінің есіміндегі **хата** таңбасы жібектен тоқылатын кездеменің бір түрін бейнелейді. Оны **аратаэногитаэ** деп те атайды. Киотоның Имамия ғибадатханасындағы тігу-тоқу өнерінің пірі **Чичихимэ** деп әспеттелсе, дәл осындай атаудағы ғибадатхана Чичибу өлкесіндегі тау ішінде де бар. Жапон қариялары Чичибу жібегі елдің басты экспорт өнімі болған ежелгі Эдо дәуірін сағынышпен еске алуы тегін емес.

**Чичибу жібегі** туралы тарихи деректер, ақындардың өлеңдері, суретшілердің туындылары дәл осы дәуірге тиесілі. Чичибу жері топырағы, ауа-райы, суы жібек құртын өсіруге және жібек кездемелер жасауға өте қолайлы бірден-бір өлке. Жібек өндірісі ежелгі Камакура (кама – шалғы, кура – қора) кезеңінде дамыған. 1858 жылдан бастап шет елге сатылған, ал Мэйдзи реставрациясынан кейін сырттан келушілерге арнайы сауда орны ашылған. Ханаирочичибу тәрізді жеке-жеке атаулары бар жібек кездемелер шет елдіктердің көз құртына айналған. XX ғасырға таман француз дизайнерлері келіп, ою-өрнек пен тігіс түрлерін, киім үлгілерін көшіріп әкеткен. **Чичибуге касуридің түрлерін Мурата таратқан. Бұнда Мурата касури (Муратаның сыру үлгісі (Ноджоукасери, Чичибуоджима деген (касери) өрнек түрлері кимоно ғана емес басқа да киімдерді тігуде пайдаланылады.**

Еуропацентристік көзқарастағы Ұлы жібек жолының тарихына жапон қариялары да күмәнмен қарайды. Еуропалық тарих Қытайдың Шаньси



провинциясынан табылған жібек құртының қалдықтарын, Кіші Бұхараға тұрмысқа шыққан Қытай ханшайымы туралы аңыздан басқаны білгісі келмейді. Немесе Византия императоры Юстинианға жібек құртының жұмыртқасын ұрлап апарған Қытайдың қос диуанасы жайында одан әрі қасиетті құрттың Еуропаға қалай тарағаны жөнінде айтқанды. Ұлы жібек жолы туралы әңгімені Орталық Азияға Чжан Сян деген елішінің айтуымен Қытай императоры У-ди атқа айырбастау үшін әкелді деген әңгімемен бітірмек болады. Жапон қариялары бұндай таяз түсініктен аулақ. Аз-маз, там-тұм, жұтаң нәрселерге көңілі толмайды. «Ақиқатты толық баяндайтын түпнұсқа тілдегі аңыздан табасың».

Түрлі-түсті кездеменің шығуы туралы Мияги префектурасының аңызында айтылады:

Ертеде Исэ (Мияги префектурасын жайлаған көне ел) ауылында Итодоно (Жіпмырза) деген әулет болыпты. Сексен адам мақта өсіріп, жіп

ашылған. 2002 жылы жөнделіп, қайта ашылған Чичибумэйсэнканның ішінде бұл кездеменің тарихы толық көрініс тапқан. Көне заманнан бастап, Мэйдзи кезеңіндегі ою-өрнектер мен тігіс түрлері бүгешігесіне дейін көрсетілген. Нэгоягину, нитаямагину деген жібек түрлерімен белгілі Кантоу атырабынан Солтүстік Яманашиге дейінгі аймақ ежелден жібек құртының өндіріс аймағы болған. «Кантоудың кемпірлері жіпті әлі күнге жақсы иіреді» дейді қариялар.

Мэйдзидің 5-ші жылы Гунма префектурасында Томиока жіп фабрикасы ашылады. Мэйдзи кезеңінің соңына дейін бұл өлкенің шеберлері жіп иіру, тоқу, тігу тәрізді процестердің барлығын қолмен атқарған. Әрине, қосымша құралдар пайдаланылған. Ал электрдің көмегіне сүйенген тоқыма фабрикасы Тайшью кезеңінде ашылады. 1872 жылы Томиока фабрикасы ашылғанда Чичибуден 28 қыз-келіншек жұмысқа алыныпты. Ал Шьюува кезеңінде 3400

# СУАН ӨРНЕКТЕРІ

иіріп, кездеме тоқумен айналысыпты. Ол уақытта киімді кендірден немесе глициния өсімдігінен жіп иіріп, тігетін. Итодоно руының кездемесі мақтадан тоқылғандықтан өте бағалы болады. Бөтен қалалардан саудагерлер келіп, сатып алып кетеді екен. Бірақ Итодоно байдың әулетіндегі сексен жанның отызы таз екен. Байдың есімдері гүлден алынған Хаги мен Кикү деген екі қызы да ұзын шашты армандап уайымдаумен болыпты.

Бұл аймақ Итодоно әулетін жартылай таз болғаны үшін кемсітіп, шетқақпай қыла берген соң бір күні бай екі қызын шақырып алып былай депті:

– Бұл шаш деген бастың ауруы болды. Жан баласы бармайтын жаққа көшейік. Күздің жеті қасиетті шөбі өсетін, жүз түрлі құс сайрайтын жерұйыққа барайық.

Сөйтіп, айлы түнде бай әулетіндегі отыз кісімен Ига тауының қойнауына кетеді. Шашы бар елу кісі

жапон әйелі кездеме тоқитын жаңа фабрикада еңбек еткен.

Ерекше сәуле шашып, жалт-жұлт еткен жібектің сыры оны тудырушы құрттың атауымен байланысты. Жібек құрты **кайко** деп аталады және **Тэн, мүши** деген қос таңбаның бірігуінен құралады. **Тәңірінің құрты** деген мағына береді. Чюбу аймағының мына бір аңызына мән бермеуге болмайды:

Баяғыда бір патшаның сұлу қызы болыпты. Бірде патша алыс сапар шегіп кеткенде өгей шеше құлына «мына қыздың көзін құрт» деп тапсырма береді. Құл қызды Сұңқардың тауына апарды. Алайда таудағы сұңқар патшасы қызға тимей, оған қос қанат тағып үйіне қайтарады. Жеті күн өткенде өгей шеше қызды Қабанның тауына апарып тастауды бұйырады. Құлдар қызды қабандар мекендейтін тауға тастайды. Қабан патшасы қызды мінгізіп алып сарайына жеткізіп салады. Ызаға булыққан өгей

Қария құрттарға тұт ағашының жапырағын берді. Жапырақ жеген құрттар лезде үлкейді. Тұп-тура жеті тәулік өткенде құрттар семіздіктен қозғала алмады. Қариялар ұйықтап жатқанда түсіне қыз кіріп былай деді:

– Менің рухым жібек құрты деп аталатын жәндікке айналды. Тірі кезімде өгей шешем Сұңқардың тауына тастатқан. Сол тауда нәр татпағандықтан құрт болған кезімде де ештеңе жемеймін. Бір күн, бір түн өткенде қайтадан қоректенетін боламын.

Таңертең қараса жібек құрты тұт ағашының жапырағын кеміріп жатыр екен. Қап-қара құрттар көкшіл түске өзгеріпті. Тағы да жеті тәулік өткенде құрттар қозғалыссыз қалды. Қариялар ұйықтап жатқанда түсіне қыз кіреді.

– Мен Сұңқар тауынан кейін Қабан тауына тасталғанмын. Нәр татпағандықтан құрт болған кезімде де ештеңе жемейтін кезең келді. Бір күн,

бір түн өткенде қайтадан қоректенетін боламын.

Расында бір тәулік өткенде жібек құрты жапырақ жей бастады. Жеті күннен соң құрттар тағы да қозғалыссыз қалды. Қарияның түсіне қыз кіріп айтты:

– Қабан тауынан кейін баққа көмілген едім. Қазір ештеңе жемейтінім содан.

Жеті тәулік өткенде жібек құрты мүлдем сілейіп қалды. Қарияның түсіне кіріп айтты:

– Бақтан соң қайыққа салынып, теңізге тасталғанмын. Бір күн, бір түндік үзіліс осымен бітті. Енді жеті күннен соң көбелек пайда болады. Ол жұмыртқа туады. Құрттан шығатын жіпті **жібек** деп атаңыздар. Жібектен неше түрлі зерлі кездемелер тоқуға болады. Жібек өте құнды болмақ. Қамсыз өмір сүретін боласыздар.

Қыздың айтқанындай құрттан көп жібек алынған екен. Қазірде жібек құрты арасына жеті күн салып төрт рет ұйықтау кезеңін өткереді. Оны жапондар Сұңқардың реті, Қабанның реті, Бақтың реті, Қайықтың реті деп атайды. Окинавадан бастап Мичинокудың арғы шетіне дейін айтылатын әдемі аңыз осылай дейді.


**Сувашичи** руы ойлап тапқан **касүри** өрнегі, **дзураши** технологиясынан жібектің тарихы бастауы тегін емес. **Суан елі** ғана емес, бүкіл қазақ білетін іс тігуді жапон тілінде **шишю** дейді, **дзураши** сөзі **ши** таңбасынан шығып отыр. Орыс тіліне **шить** етістігі 1596 жылы Мәскеу түбіндегі Измаиловада алғаш рет жібек құрты өсіріле бастаған шақта енген.

**Жібек Венецияға XII, Текуя мен Флоренцияға XIV, Миланға XV ғасырда жеткенге дейін бірнеше мың жыл бұрын Жаркенттен өткен керуен Үндістан мен Таяу Шығысты басып өтіп, Жерорта теңізіне барған. Ғажайып шаһарлар мен ғаламат сәулет туындылары – ежелгі өркениеттер айшығы. Ежелгі Шығыс өркениетінің бір іргесі, Жаркент деген керемет кент болған. Мыңжылдық Әулиеағаш – тылсым тарих куәгері.**

**Фурикодэ, куротомэкодэ, иротомэкодэ, хоумоңги, иромуджи, цукэсагэ, цумуги, комон, юката тәрізді сан-алуан ою-өрнекті кимоноларда (ки-кию, моно – зат) Суан шеберлерінің қолтаңбасы қалғандығына Хачиоуджи қариялары келтіретін деректер Ұлы жібек жолының тармақтары тәрізді мың сан.**

**Жапонның жібекке қатысты аңыздарының барлығы қызбен байланысты болуы тегін емес. Қазақта Жібек деген есімді қыз балаға қояды емес пе? Жапон архипелагына дейін барған Дэймон дәуіріндегі Ұлы Жібек жолының қазақ жеріне қатысын сөз еткенде Толдықорған, Жаркент аймағындағы жер-су атаулары жер иелерінің төл сөздері екендігін баса айту керек.** Еуропалық академиктер мұрағаттарынан табылмайтын ғылыми деректер Жетісу тәрізді шаһар, кенттерде қалған жазбаларда сақталған. **Нағарашы топонимінің нагай-ұлы, ұзақ, ұзын** деген мағыналы таңбамен байланысты екенін нағыз академиялық білімді жапон қариясы ғана айта алады деп білемін. Нағарашымен аттас ауыл Амаидің Оошимасын жайлап отыр. Нағара ауылының аңыздары Кагошима префектурасының фольклорында бар. Өйткені, ол Нағарашымен байланысты **Нагояоби** деген жібек белбеудің түрі **Нагоядан** шыққандығын немересіне айтып отырады. Бұл жерлерді қалмақпен байланыстыруға ешқандай негіз жоқ. Жапонияда елуге жуық Сува ғибадатханасы болса, соның бірі Нагасаки шаһарында орналасқан. Биік төбе үстіндегі Сува балабақшасына көтерілер жолда токкуриони (торсық ағашы) өсіп тұр. Жапон торсығынан аумайтын бұл ағаш дүниежүзі бойынша тек Күншығыс елінде өседі. Ал Сува ғибадатханасының бала-бақшасында бүлдіршіндер ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын бойына сіңіріп өсіп жатыр.

**Шарафат ЖЫЛҚЫБАЕВА,**  
жапонтанушы ғалым.



Исэде қалады. Итодоно сан-алуан өсімдіктерден жіп алудың әдісін біледі екен, барлығы жіп иіріп, кездеме тоқуға кіреспеді. Тек кездеме тоқып қана қоймай, дәрілік шөптерден кезді жасайды. Бірде Хаги бұрын соңды көрмеген ерекше шөпке кездеседі. Ол шөптен дәрі жасап ішкен екен, шашы қалыңдап, ұзарып өсе бастайды. Бір жыл өткенде жібектей қара шаш тобығына дейін төгіліпті дейді. Сөйтіп Хаги жеті түрлі қасиеті бар шаш өсіретін шөпті тапқан екен.

Итодоно әулеті кездеме тоқығанмен оны бояу дегенді білмейді екен. Күки кездеме бояудың әдісін ойлап жүруші еді. Бірде түнде жұрт ұйқыда жатқанда Күки жалғыз өзі ойға шомып отырған. Кенет Хагиге шаш бітірген дәрілік өсімдіктің құмырадағы суды қою көк түске бояғанын көреді. Күки құмыраға мақтадан тоқылған кездемені салып еді, лезде көк түсті болды.

Итодоно қыздарына риза болып:

– Енді елге оралып, дәрілік шөпті игілікке жаратайық, – деді. Итодоно әулеті Исэге келген соң бүкіл ауыл өсімдіктен дәрі жасап, кездеме бояуды кәсіп ете бастады. Түрлі-түсті кездемелер осылай шыққан екен.

Жібектен тігілген киім-кешек, тұрмыстық заттар, тарихи бұйымдар қойылған бөлмелермен қоса келушілерге жібек бояуды үйрететін шеберханасы да бар «Жібек мұражайы» Гунма префектурасында салынған. Бұл мұражайға кіргендер мэйсэн (мәнсэн деп те атайды) деген жібектің түрін тамашалай алады. Жібектің бұл түріне Чичибуде жеке мұражай

шеше жеті күннен соң қызды бөшкеге салып, баққа тірідей көмеді. Патша сарайына келсе, бақтан бір нұрлы сәуле жарқ етеді. Құлына салынған бөшкені жерді қазуға әмір етеді. Құл қыз жарыған бөшкені шығарады. Аузына сұйық ботқадан тамызып жатып, есін жиғызады. Қыз әкесіне өгей шешенің қаскөйлігін айтапайды. Біраз күннен соң патша тағы да алыс жолға шығады. Өгей шешесі үсті жабылатын қайық жасатып, жеті тәулік өткенде қызды салып, шынжырмен матап, теңізге тастайды. Қайық толқынмен тербеліп кете барады.

Бірнеше жыл өтеді. Хитачи еліндегі теңіз жағасында Гондзабуроу деген қария тұратын. Бірде ол әдеттегідей ау салса да, бірде-бір балық ілінбепті. Қараса жағаға дөңгеленген нәрсе жақындап келеді дейді. Шал аузы жабық қайықты жағаға шығарып, қақпағын ашса, шала-жансар халде бір қыз жатыр. Шал қызды үйіне әкелді. Қариялар бір балаға зар еді. Құдайдан күнде бала тілеуші еді. Екеуі қызға сұйық ботқа беріп, тіріліп алды, мәпелеп бақты.

Бір күні қыз кенеттен жан тәсілім етті. Шал мен кемпір қызды табытқа салғанмен, көмуге қимады. Күндіз-түні қасында жылап отырды. Содан күндердің бір күні екеуі табыттың ішіне сығаласа, қыз жоқ, орнында қап-қара жіңішке құрттар быжып жүр. «Құдайдың құдіретімен қызымыз құртқа айналған екен ғой. Енді бұл құрттарды тастамай асырайық» десті қариялар. Шал құртты қоректендірудің амалын ойлап, жағада қалған қызды әкелген қайыққа барды. Қайық тұт ағашынан жасалыпты.

2014 жылдың он алтыншы сәуірінде Басқұншы ауылының 77 жасар тұрғыны Үйсінтаев Тоқтасын ақсақалдың үйінде болдық. Бес – алты жыл бұрын әңгімелесе қалып, ақсақалға осы өңір көне үйсіндер мемлекетінің иелігі, олардың осы ауылдың орнында қаласы болғандығы туралы сөз қозғаған едім. Сол кезде Тоқтасын ақсақал Басқұншы ауылының үстінгі жағындағы қыратқа орналасқан қырманның солтүстік жағында өзіне тиісті жер телімінен тауып алған тас құралдар туралы айтып еді. Міне соның орайы келіп, үйіндегі тастан жасалған үйсіндердің құралдарын көріп, суретке түсіріп, мектептегі менің кабинетіме әкеліп қойдық.

Менің пайымдауымша осы көне тас құралдар табылған жер көне қаланың орны. Табылған заттардың бірі ұзындығы 45 – 46, ені 8 – 9 сантиметрлік дән үгіткіш. Егіншілікпен айналысқан адамдардың негізгі құралдары болуы керек. Шағын ғана бір қолмен ұстап кен үгітетін екі тас келсап (балға, және кішкентай шағын ұсақ заттарды үгітуге пайдаланылатын) тас құрал егіншілікпен айналысқан адамдардың негізгі құралдары.

Тоқтасын қарияның айтуы бойынша осы жерден тастан ойып жасаған тостаған және ұзындығы – 50 – 60 см, ені – 20 – 25 см болатын тастан ойып жасаған астау табылған. Шамасы үйсіндер кен орнынан алынған қоспаларды тас астауға салып ұсақтап үгітіп, содан кейін қорытқан болуы керек. Академик, археолог Ә.Марғұлан Бегазы – Дәндібай мәдениетін зерттегенде сол жерден табылған тас балғалармен бұлардың да көлемі бірдей балғалар немесе келсаптар біздің даламызды мекендеген ежелгі бабаларымыз кен өндіру ісін кеңінен жүргізгені көрінеді. Жоғарыдағы айтылған ескерткіш заттардың барлығы осы ауылдағы Крылов атындағы орта мектебінде істеген тарих пәнінің мұғалімі С.Құрманбекова ұйымдастырған тарихи мұражайға өткізіліп, кейіннен көптеген жәдігерлермен бірге Жаркент қаласындағы аудандық мұражайға алыныпты. Бұл жер Үйсіндердің көне жұртының орны, яғни тұрағы болғандықтан осы жерден қыштан, қайрақ тастан жасалған үлкен шылапшыға (Тоқтасын ақсақал «ежіре» - дейді) ұқсас затты жер жырттып жүрген трактор басып сындырып кеткен. Төменгі Басқұншы ауылынан табылған тастан қашап жасалған кен үгітетін астаудың тұғыры болуы бек мүмкін. Сынықтары шашылып, сол орында қалған. Тағы бір қызықты жәдігердің бірі - ұзындығы 60 – 70 см жебе. Үйсін жауынгерлерінің сол заманда қолдан соққан ұштарды жебенің басына орнатып жауына жасындай жарқындата заулата тартқаны білінеді. Шірімей жатқандығына қарағанда қоладан соғылған болуы керек. Жебенің мыңдаған жылдар топырақ астында жатуы оның күңгірттеніп кетуіне ықпал еткен. Ұшын тазалап жібергенде жарқырап шыға келген.

Әңгіме арасында, «Осыдан жеті - сегіз жыл бұрын осы ауылдағы бақшаны қазып жүрген адамдар құранды ер тауып алыпты деп естіп едім, олар кімдер екен» - деп сұрадым. Сәлден кейін «Оны мен тауып алып едім» - деді. Көрсетуін сұрап едік, қасымызда отырған баласы қоймаға барып балаларға жасап шабылған ерді көтеріп алып келді. Шағын ғана ердің екі қапталы, қасы, артқы қасы бөлек шабылып жасалған, қаттылығына қарағанда осы өңірде көп өсетін жидеден шауып жасалған болуы керек. Алдыңғы қасына түгелдей қалақша темірден қапсырма жүргізген, оны екі қапталымен жалғастыра отырып құйысқандыққа дейін шегендеп апарған. Құйысқанды бекітетін жерге айналсоқ

# ҮЙСІНДЕРДІҢ ҚОНЫСТАРЫНЫҢ ОРНЫНАН ТАБЫЛҒАН ЗАТТАР

жасап айылбас орнатқан, оны темірден соққан. Шамасы ерді қыз балаға арнап жасатқан болуы керек, себебі, қас бетімен, ердің екі жақтауына жалтырауық тастардан көз салған. Ердің қасының басына жасалған жылы 1913 жыл деп жазылған және жасаған шебердің аты болуы керек, арапша жазу бар. Мұндай көне жәдігерлер Басқұншы ауылының орны мен батысындағы қырат үстіндегі Көкжазықтан көптеп табылады.

Көкжазықтағы Үйсін обаларын қайтадан барып санап, суретке түсіру барысында қалың обалар қоршап жатқан орталықтағы үлкен қара тас назарымды аударды. Кезінде колхоз басшылары егіс көлемін ұлғайту мақсатында обалардың арасындағы бос алаңқайларды жыртқызып, егін егіп тастаған жерде жатыр екен. Бетін жартылай топырақ жауып қалыпты. Тазалап жіберіп суретке түсіріп алдық. Қара тас бетіндегі көне жазулардың ежелгі аңшылардың аң аулау мезеттері қашалған.

Үйсін обаларын зерттеуге көлігімен алып келіп, қолғабыс тигізіп жүрген Атамбаев Әбілғазы Насыролдаұлының да ел сүйгіштік қасиетін айтпай кетуге болмайды. Үйсіндер туралы олардың тұрағы, қолданған тұрмыстық заттары туралы естіген соң өзінде де үйде біраз үйсін ескерткіштерінің сақтаулы екендігін айтты. Сақтаған заттардың шын мәнінде құндылығы жоғары екен. Шамамен б.з.д. III – б.з. III ғ. жасалынып, тұтынылған саздан жасалған бір құмыра мен көзені көрдік. Кен үгіткіш балға (келсап) пен ұршық тастар (2 - еу) көңіл аударуға тұрарлық бұйымдар болып шықты. Басқұншы ауылындағы Крылов атындағы орта мектебінде сурет пәнінен сабақ беріп жүргенінде оқушылар тауып алып келіп беріпті. Бұл жинаған заттардың барлығы Басқұншы ауылының үстіңгі жағындағы қыраттағы застава орналасқан жерден солтүстікке қарай бір шақырымдай жерден табылған. Мектеп оқушылары колхоздың алма бағының арасына су жіберілетін арық қазып жүргенде топырақ астынан шыққан.

Осы ауылдағы Крылов атындағы орта мектебінің еңбек пәнінің мұғалімі Туғамбаев Бейсембектің 5 сыныпта оқитын ұлы Бағашар Тілек 2012 жылы ауылға келіп құбыр саламыз деп қазып қойған, жабуға әлі мүмкіндіктері болмай жүрген ескі диірменнің жанынан өткен шұңқырдан ойнап жүріп бірнеше үйсін ескерткіштеріне жататын қыштан, тастан жасалған заттар тауып алыпты. Ұқыпты өскен бала оларды сындырмай үйіне әкелген. Қыштан жасалған шағын көзенің биіктігі 12 см, бүйірі қысыңқы, ернеуінің ені 12 см. Бастапқыда бүйірінде тұтқасы болған, бірақ сынып түсіп қалыпты. Үй тұрмысында, сүт, көже қайнатуға пайдаланған болуы керек түбі мен бүйірі күйеден көрінбейді. Сол сияқты үлкен кен



үгітетін тас астаудың түбін тауыпты. Үстінгі бөлігі сынып түсіп қалған.

Ендігі бір көптеген археологтар мен тарихшылардың көңілін аударатын ескерткіш үйсін суретшісінің тасқа қашап (шекіп) салған бейнесі. Үлкен адамның алақанындай қалақша тастың шеттері дөңгелендіріліп кертілген. (Нұрсағат Әлібаевтың айтуынша «коржик» (тәтті тоқаш) нан). Тастың сәл дөңестеу бетіне үйсін суретшісі, үйсін яки ғұн жауынгерінің бейнесін салған. Басына тәж киген патша немесе қолбасшы жауынгер болуы мүмкін, қолында қылышы, бір қолында найзасы бар салт атты жауынгер сұлбасы бедерленген. Жауынгердің астындағы атының төбелігіне де тәж кигізілген. Соған қарағанда ұлы қолбасшының немесе жауынгер патшаның бейнесі көрінеді. Салт атты батырдың суретінің айналасынан күн сәулесінің шапағы таралғаны келтірілген.

Табылған заттардың барлығы шамамен б.з.д. III ғ – б.з. III ғ осы араны мекендеген Үйсін мемлекетінің бас қаласының орны Басқұншы екендігін көрсетеді. Жасалған заттардың бәрі үйсіндердің қол өнершілерінің жасаған бұйымдары. Халқымыздың көне жәдігерлерін мұқият сақтап отырған қадірменді Тоқтасын қария мен болашағынан көп үміт күттіретін 5 сынып оқушысы Бағашар Тілекті тарихшы әрі фотограф Нұрсағат Әлібаев суретке түсірді, осындай тарихымызды толықтыратын жәдігерлерді жоғалтпай бізге беріп отырған жарандарға алғысымызды айтып, ризашылығымызды білдірдік.

Басқұншы ауылы орналасқан (Шығу – Қызыл Аңғар қаласының орны) мекеннің астыңғы қатпарында қазақ халқының қалыптасуының негізгі ұйытқысы болған ұлы үйсіндердің, біздің бабаларымыздың тіршілігінен дерек беретін қаншама жәдігер жатыр десеңізші.


Әңгімелесе отырып, тасқа түскен жауынгер салтанатты киінген сұсты бейнесіне қарай отырып ежелгі қытай жазбаларында «Үйсіндер жауынгер халық» деп мойындаған сөзді тағы да бір есімізге түсіреді.



**Молот  
СОЛТАНАЕВ**



Үйсіндердің қыш көзесі. Б.з.д. III ғ. – б.з. III ғ



Үйсіндердің қыш көзесі. Б.з.д. III ғ. – б.з. III ғ  
Басқұншы ауылы



**Обен ДӘУРЕНБЕКОВ** – 1939 жылы Шығыс Түркістан (ҚХР) өлкесінің Жарсу деген жерінде дүниеге келген. 1967 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген. Талдықорған облыстық «Жерұйық» (бұрынғы «Октябрь туы») газетінде тілші, мектептерде мұғалім болып қызмет істеген. «Таң», «Мөлдір тамшы», «Тамшыбұлақ», «Балконнан ұшқан көгершін», «Мамыр айы» атты жыр жинақтарының авторы. Алматы облысы, Панфилов ауданының Құрметті азаматы. 2011 жылы өмірден өткен.

## АУЫЛҒА БАРҒАНДА

Жапырақ жасыл пердесі  
Саздағы қаздай сәнді үйлер.  
Ата-анам өткен жерде осы  
Ән-күй көп мені әлдилер.

Жақынға, досқа, бауырға  
Сағынышым бар арайлы.  
Бас қосып осы ауылда  
Жан-жаққа жолдар тарайды.

Шуақ боп жеткен күлкің көп,  
Ұлыңның сенде құлағы.  
Өзіңе қарсы бүлкілдеп,  
Бүйрегім бұрып тұрады.

Өнімде және түсімде  
Шомылып жүрем Өсекке.  
Қуаныштарыңның ішінде  
Мені де бар деп есепте.

Базарлы жолдың нысаны,  
Баяндар жерім тек менің.  
Дегбірімді алып ұшады  
Өзіңе қарай кептерім.

Ұшырдым тағы құсымды,  
Сырымды айтып ел білген.  
Қанат қып сағынышымды,  
Көктемді алып келдім мен.

Жыл құсын көрген тоғай да  
Көктем боп күліп ән салды.  
Көңілдің күйі оңай ма,  
Көктемдей көрдім баршаңды.

Іргесін жайған тілеулі ел,  
Қуандым солар үшін мен.  
Ұзатып қызын біреулер,  
Біреулер келін түсірген.

Уақыт жылжып тартты алға,  
Жабырқайтын да жайым бар.  
Селдіреп қапты қарттар да,  
Селдіреп қапты қайыңдар.

Ауыл деп өлеңдетем кеп,  
Көңілді қобалжытамын.  
Кеспесе балта екен деп  
Мезгілсіз бір де бұтағын.

\*\*\*

Әулиеата жеріне келіп едің, Мәдина,  
Екі өзенді тел емген елік едің, Мәдина.  
Көлде жүзген мамырлап ақ қаз едің, Мәдина,  
Жамалың да, жаның да тап-таза едің, Мәдина.

Саусағыңды саусағым сипап еді, Мәдина,  
Саусақтарың не деген шипалы еді, Мәдина!  
Күлімдеген көзіңнен күн көрінген, Мәдина,  
Көре алмайды ол күнді кім көрінген, Мәдина.

Ақ тамақтың астында мең бар еді, Мәдина,  
Сол бір меңге қадалып нем бар еді, Мәдина!  
Қайда жүрсең мен көрген қалпыңдасың,  
Мәдина,  
Аман болсын аялулы, алтын басың, Мәдина!

\*\*\*

## ЖАҚЫҢЫҢДЫ ЖАТТАЙ СЫЙЛА

Қатар жүрсең қадірің – қас-қабағың,  
Араласар ауыл үй ас-табағың.  
Жан қысылған кезінде жақыныңа,  
Жүгіресің  
(қалмайды басқа амалың).

Бұйырғаны дәм татар нәсіп-құтқа,  
Ауыл үйге айтуға асықтық па?  
Азаматтың арманын тоғыстырар,  
Жақындықтан басталған қашықтық та.

Алыс кетсең сағынған жолға қарап,  
Түңілмейтін түссең де он домалап.  
Жанашырың жар болсын жаратқаннан,  
Сен де қонақ өмірге, ол да қонақ.

Жақыныңнан жай тауып саялаған,  
Қатарына қанатын жаяды адам.  
Кісі бетін қайтеді дал-дұл етпей,  
Өз бетінің қызылын аямаған.

Табыссаң да табыңмен бөтен елде,  
Қарызыңды мәз болма өтегенге.  
Түссін десең жарығың жан-жағыңа,  
Жақыныңа жат болып кете көрме.

\*\*\*

Мың күн «бала» атанып, бір күн «дана»,  
Шыңға шықтым,  
Құладым құрдымға да.  
Жалғаса бер тәтті жыр, ащы өмірім,  
Мәпелеме,  
Сағымды сындырма да.

Құрағы – гүл, тынбайтын бұлағы – жыр,  
Сындырмасын сағымды мына ғұмыр.  
Өкінгенмен не пайда өткен күнге,  
Мың күн сынбас шөлмек те сынады бір...

Мұңдасам да қартпенен, жігітпенен,  
Мұңаям да,  
Беталды күліп келем...  
Қарамаппын жолдарға күдікпенен,  
Әлі де көп нәрседен үміттенем.

Аласұрып бұлданба текке көңіл,  
Жыл дегенің – беймаза өткен өмір.  
Өткен күнді елжіреп есіңе алсаң,  
Кеткен күнге мәнісіз кектене біл!

Қуандың ба,  
Күтесің нені көктен,  
Басқа әлемнен дәп бүгін келіп пе ең?  
Туған айдай тураулы ет – жыл дегенің,  
Желмаядай бір өмір желіп өткен.

Өткен күнім түсіме жиі енеді,  
Сан көсілді көлігім, үйеледі.  
Көңіліңді, көгерткен көсеңді,  
Жыл дегенің не деген киелі еді!

Қуанышты қолпашқа құлай күлсін,  
Күлмегендер өмірге былай жүрсін.  
Дүниені жасартып жыл келмесе,  
Не боларын жалғанның Құдай білсін.

Бір даладан кездескен, бір қаладан,  
Қайран жылдар – тәтті өмір сырғанаған.  
Қош болыңдар, хош келдің, келе бергін,  
Дидарыңды әйбәттап нұрға малам.

### ► Ауыл тарихы

# АЙДАРЛЫ АУЫЛЫ

Ауылдың «Айдарлы» аталуының себебі, көнекөз қариялардың айтуы бойынша осы ауыл тұрған жер айдар - айдар құм болған деседі. Сол жер жағдайының ерекшелігіне, құмға байланысты «Айдарлы» деп аталған болуы керек. Айдарлы ауылы - аудан орталығы Жаркент қаласымен аралығы 56 км және өңірдегі ең ірі Іле өзенінің оң жағалауынан 8 км қашықтықта орналасқан. Округ қарамағына - Дарбазақұм, Сарпылдақ елді мекендері де кіреді. Ауыл аумағы Іле өзені арқылы көршілес Ұйғыр ауданымен шектесіп жатыр. Аймақтың өсімдіктері әлеміне: бетеге, жусан, ермен, шай шөп, адыраспан, қылша көптеп кездеседі. Шөл дала өсімдіктерінен: сексеуіл, жыңғыл, жантақ, тораңғы, сонымен қатар, Іле өзенінің жағалауында үйеңкі, көктерек, жыңғылдан тұратын шағын тоғайлар таралған, шалғынды сортаң топырақта қамыс-құрақ және ши өседі. Өзен торларына тоқталар болсақ, Жетісу Алатауының оңтүстігіндегі тау мұздықтарынан бастау алып Іле өзеніне келіп құяды.

Айдарлы ауылы кеңестік коллективтендіру кезінде, яғни, 1932 жылдары бұл жерде санаулы ғана отбасы қоныс тепкен, Октябрь совхозының (қазіргі Қоңырөлең) бір бөлімшесі еді. Ұлы Отан соғысы кезінде ауылға соғыс жүріп жатқан аудандардан ата-анасы жоқ балалар, эвакуацияланған аудандардан орыстар, шешендер, түріктер, немістер, украиндар, татарлар, ұйғырлар көшіп келді. Айдарлы ауылы көп ұлттар мекендеген ауылға айналып тұрғындарының саны артты.

1944 жылы өз алдына «Октябрь» совхозынан бөлініп шығып «Гвардия» совхозы болып ашылды. Жер жағдайының қолайсыздығына қарамай мал шаруашылығымен және егін шаруашылығымен айналысты. 1955-1958 жылдары жер үйлер орнына, алғашқы болып шифермен қапталған шатырлы 10 үй салынды, 1 асхана, 10 адамдық аурухана, 25 адамдық балабақша ашылды. Жеке жұмысшылар кооперативі құрылып, азық-түлік және тұрмыстық тауарлар дүкені де орталықтан бой көтерді.

Саралап айтар болсақ, шаруашылықтың әлеуметтік - экономикалық жағдайы Байғұттиев Әзімбай басқарған 1978-86 жылдардан бастап оңшала бастады. Бас экономист Ж.Бижановтың ұсынысымен республикалық «Казгипровод» институты мақұлдаған ең үздік және қуаттылығы 1м³/сек су соратын ірі жоба «Сигманы» (ұзындығы 13 км болатын Іле өзенінен тартылған су құбыры) іске қосу қолға алынды. Нәтижесінде, көп жылдық шөп қоры молайып, мал өнімінің көлемінің артуына ықпал етті.

Айдарлы мектебі 1944 жылы алғаш бастауыш мектеп болып ашылды, 1950 жылы бастауыш мектептен 7 жылдық орыс-қазақ мектебіне айналдырылды. 1952 жылы аталмыш 7 жылдық мектеп, 10 жылдық болып қайта ұйымдастырылды. Оқу ордасының директоры болып Ұлы Отан соғының ардагері Бижанов Сұлтан тағайындалды.

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары жеке шаруа қожалықтары құрыла басталған жылдары олардың алғашқылары қатарында Ә.Оспанов, Ж.Бижанов, Т.Ашубасаров, Т.Үмбеталиев тағы басқалары болып, олардың арасында өз жұмыстарын дөңгелетіп алып кеткендері де баршылық. Оспанов Әбілхан Балабекұлы асыл тұқымды мал шаруашылығын жетілдіру мақсатында іс-тәжірибе алмасу үшін Америка құрама штаттарына барып қайтты.

2012 жылдан «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша ауылда әр үйге су жүйесі тартылып, ауыз су еркін пайдаланылуда. Ауыл маңында 2015 жылдан бері ЖШС «Жаркент фрукт» алма бақ өсіруді қолға алды. Оған 12,7 млрд. теңге қаржы салынып, көлемі 998 га жерді қамтып жатыр. Бақта 1910 мың түп алма көшеттері, 318 мың түп алша, 83 мың түп шабдалы, 29 мың түп қара өрік көшеттері күтіліп бапталуда. Ал енді жылыжай шаруашылығын дамыту - бұл дегеніңіз көкөніс молшылығының бірден-бір кепілі. Оның айғағы осы округке қарасты Дарбазақұм ауылының маңындағы «Агро» жылыжай құрылысының іске қосылуын атап айтуға болады. Онда қияр, қызанақ көшеттері отырғызылып, мол өнім жиналуда. Жылыжайдың ұзындығы 205 метр, ені 192 метр. Және де соның арқасында біршама ауыл тұрғындары жұмыспен қамтылып, жанұясын асыраумен қатар, әлеуметтік жағдайларын да көтеруге септігін тигізуде.

**Қ. ИБРАЙЫМЖАНОВ**



# ҚАЛА ӘКІМІНІҢ КУБОГІ

Жуырда Елбасының биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялануын қолдауымен Панфилов аудандық білім бөлімі мен балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің өзара келісіп, бекітуімен аудан мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттауға арналған спорт жарыстарының ішінен футбол ойыны бойынша Жаркент қаласы әкімі тағайындаған арнайы кубокті жарысы өтті.

Қыс мезгілінде жабық спорт залдарында өткізілетін бұл жарыс мектеп оқушылары арасындағы футбол ойынын дамыту мақсатында жас жеткіншектер арасынан жекелей спорт шеберліктері артқан ойыншыларды анықтап, облыс құрамасына апаратын дарындарды іріктеу жарыстары болып табылады.

2018-2019 оқу жылы барысында ауданымыздағы 50 мектепте 24 529 оқушылар оқиды. Жалпы мектептердің басты міндетті сапалы білім беру болса, спортқа да білімді қосса, дене тәрбиесі арқылы әрбір оқушының оймен ойлау қабілеттері артары сөзсіз.

Міне сондықтан аудандық білім бөлімі мен спорт мектептері арасында жүйелі түрде спорттық жарыстарын бірлесіп өткізу жоспарланған. Солардың бірі шағын футболдан «мектеп лигасы» жарыстары белгіленген. Бұл жарыс негізінен аудан бойынша тіркелген 50 мектептің ішінен соңғы жылдарда жаңа үлгіде салынған талапқа сай спорт залдары бар «Нұркент» орта мектебі мен Үлкеншыған орта мектептерінде өткізілетін бұл жолғы арнайы кубокті жарыс Алты үй ауылындағы №1 спорт мектебінің ойын залында биылғы еліміздегі жастар жылының ашылу салтанатымен тұспа-тұс күні өткізілді.

Жарысқа аудандық екі спорт мектептерінің футбол бөлімі үйірмесіне қатысатын 2004-2005 жылы туылған жасөспірім ұлдардан жасақталған 8 команда қатысты.

Жарыс Қазақстан футбол федерациясы бекіткен ережеге сай, жеребе бойынша екі топқа бөлініп, айналмалы жүйеде 14 ойыннан тұратын кездесулерден өз үздіктері мен жүлдегерлерін анықтады.

Жарыс қорытындысы бойынша өз тобында барлық кездесулерде басым түсіп, озып шыққан №2 спорт мектебінің қос командасы финалдық ойынға шықса, өз топтарында 2-ші орынмен шыққан Үлкеншыған орта мектебі мен Жамбыл атындағы орта мектеп жүлделі 3-ші орын үшін болған ойында Үлкеншыған орта мектеп оқушылары жеңіске жетті.

Ал 1-2 орындары үшін кездескен №2 спорт мектебінің қос командасының 2006 жылы туған жасөспірімдері өздерінен екі жас үлкен қарсыластарын жеңіп, жарыс жеңімпазы атанып, тиісті дәрежелі диплом мен кубокті өз спорт мектебіне алып қайтты.

Жалпы аудандық №2 спорт мектебінің жас жеткіншектерін бастап келген жаттықтырушысы Нұрлан Дәулетұлы Қасенов өз ісінің жақсы білгір маманы екені жайлы айта кетсек, оның тәрбиелеп жүрген шәкірттері футболдан облыстық жарыстарда жүлдері орындардан көрініп жүрген Тұрғанбай Мадияр, Дәлетбайұлы Закен, Даутов Дилшат, Бақыт Ильяс, Калешев Диас, Нурмухаметов Шаха, Демьянов Илья сынды ойыншылары қазірдің өзінде облыс, республика құрама сапына алынып, өз шеберліктерін шыңдауда.

Осы Жаркенттік жасөспірімдер бұйырса, облысымыздың бас командасы кәсіпқой «Жетісу» футбол клубының қатарына ілініп, болашақта Қазақстан премьер лигасында ойнап, Еуропа футбол алаңдарында доп тебуін тілейміз!

Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері, «Құрмет» орденінің иегері, бүгіндері Алматы облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев облыс футболының дамуына өзіндік үлес

қосып, атқарып отырған шаруаның бірі – Талдықорған қаласындағы футболдан облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің «Болашақ» атты даярлау орталық базасы жанынан оны кеңейтуге 4 гектар жердің мәселесін шешіп, осы жерден облыстың дарынды балаларына арнап қысы-жазы даярлықтарын өткізу үшін бір жабық манежді стадион салынбақ.

Осы орайда Елбасымызда барлық деңгейдегі әкімдерге 2020 жылға қарай Қазақстан халқының 30 пайызын бұқаралық спортқа тарту мәселесін алға қойғанын баршамыз жақса білеміз. Ал соңғы жарияланған Жолдауында спортымызға айрықша көңіл бөлген Президентіміз әр облыс басшыларына кемінде 100 спорт нысандарын салуды тапсырып, әсіресе білім ошақтары мектептердегі спорт ғимараттарын тиімді пайдалануды міндеттеді. Демек еліміздегі әрбір аудан, ауылдардан спортқа жаны ашитын азаматтарымыз барда, бұқара спортымыз өз жолымен өркендей бермек.

**Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,**  
Панфилов аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің футбол жаттықтырушысы,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.  
Жаркент қаласы.

## ЕСКЕ АЛУ



Бірімізге аяулы ана, немерелеріне асыл әже, құдай қосқан қосағына адал жар бола білген Үлкеншыған ауылының тұрғыны Абдубалиқызы Айсұлу анамыз беймезгіл уақытта Алланың қалауымен мәңгілік сапарға аттанып кетті.

Айсұлу анамыз өз отбасына ғана емес Жанұзақовтар әулеті мен ағайын, туған-туыстарға қарайласып, мейірім шуағын молынан төккен мерейлі жан еді.

Осындай жарқын бейнеңіхді өкінішпен еске аламыз. Өттен, дүние, ғұмырыңыз қысқа болды. Алайда Алланың жазуына шара бар ма? Өз әулетіңізге де, ұрпағыңызға да береріңіз көп еді-ау...

**Ізгіліктің нұрын шашып маңайға,  
Ана едің үлгі болар талайға.  
Балаларың қалды артыңда қайғырып,  
Ажал деген жас-көріге қарай ма?!  
Ерте кеттің ақ түспестен самайға,  
Жарқын бейнең елес болып қалмай ма?  
Сабырлық тілеймін бар әулетіме,  
Уақытыңда қызғалдақта солмайма.**

Сіз біздің мәңгі жадымыздасыз. Жаныңыз жаннатта, тәніңіз рахатта, иманыңыз жолдас жер бесігіңіз жұмсақ болсын!

Еске алушы: **Ұлдары** – Айдын, Айбын, Еркебұлан, Ұлан.

**Қыздары** – Жұлдыз, Әсем, Жадыра, Дидар, Әсел.

Күйеу балалары мен келіндері.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Құрметті оқырман, «Жаркент айнасы» газетіне құттықтау, жарнама қабылдаймыз.**  
Тел.: 8/777/971-57-67

Газетке жазылу индексі: 65161



**«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ**  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ  
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**  
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
**jar-aina@mail.ru**

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
➤ Газет индексі - 65161  
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.  
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

**Мекен-жайымыз:**  
Алматы қаласы,  
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис  
Алматы облысы, Жаркент қаласы,  
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер  
Тел.: 8/705/412-78-48;  
8/705/277-16-91;  
8/777/971-57-67  
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.  
Тапсырыс: №110